

Ә.Ж. Ұлықпанова^{1*}, П.Т. Әуесбаева², Н.Ә. Сәрсек³

¹Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан,
^{2,3}М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан
 E-mail: ¹ulykpanova465@gmail.com, ²ksaryarka@inbox.ru, ³sarsekn@mail.ru
 ORCID: ¹0009-0000-3316-7112, ²0000-0002-7716-9715, ³0000-0003-4586-5318

ТҮРКІ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ «ХИКАЯ» ҰҒЫМЫН ҚАЙТА МЕЖЕЛЕУ

Аңдатпа. Мақалада түркі тілдес халықтардың ауыз әдебиетіндегі демонологиялық мазмұндағы прозалық мәтіндердің жанрлық ерекшеліктері мен құрылымдық белгілері қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – халықтың дәстүрлі наным-сенімі, тарихи жады мен мифтік танымына сүйенген мұндай мәтіндерді дербес жанр ретінде сипаттау және «хикая» ұғымының мазмұндық аясын нақтылау. Материал ретінде «Түркі халықтарының хикаялары» атты жинақтағы үлгілер мен фольклорлық мәтіндер пайдаланылды. Зерттеу барысында этнолингвистикалық, салыстырмалы-типологиялық және сипаттамалық әдістер қолданылды. Демонологиялық әңгімелердің жанрлық белгілері орыс және Батыс Еуропа фольклортануындағы «демонологический рассказ», «быличка», «меморат» ұғымдарымен салыстырыла талданды. Нәтижесінде мұндай мәтіндерге наным-сенімге негізделген кейіпкерлер жүйесі, адам мен өзге әлемнің арақатынасын танытатын оқиға желісі, су, жол, тау, мола, иен дала тәрізді киелі не қауіпті кеңістіктер, тыйымды сақтау немесе бұзу уәжі, оқиғаның шын өмірде болғандай баяндалуы және айтушының куәгерлік ұстанымы тән екені анықталды. Сонымен бірге кейіпкер, мекен және әрекет арасындағы тұрақты байланыс хикаяның ішкі құрылымын ұйымдастыратын негізгі белгілердің бірі екені айқындалды. Жын, пері, шайтан, албасты, жезтырнақ, үббе, бичура, шүрәле сияқты кейіпкерлер осы жанрдың мазмұндық әрі поэтикалық жүйесін қалыптастыратыны көрсетілді. Зерттеу нәтижелері түркі фольклорындағы хикая жанрын және оның жанрлық шекарасын айқындауға мүмкіндік береді.

Алғыс: Мақала BR27101897 «Қазақстан әдебиеттануы, фольклортануы және өнертану экожүйесінің трансформациясы: пәнаралық зерттеулер» ғылыми-зерттеу жобасының қаржыландыруы негізінде орындалды.

Кілт сөздер: демонологиялық әңгіме, хикая, түркі фольклоры, жанрлық дербестік, типология.

A.ZH. Ulykpanova^{1*}, P.T. Auesbayeva², N.A. Sarsek³

¹K.Zhubanov Aktobe regional university, Aktobe, Kazakhstan
^{2,3}Institute of Literature and named after M.O. Auezov, Almaty, Kazakhstan
 E-mail: ¹ulykpanova465@gmail.com, ²ksaryarka@inbox.ru, ³sarsekn@mail.ru
 ORCID: ¹0009-0000-3316-7112, ²0000-0002-7716-9715, ³0000-0003-4586-5318

REDEFINING THE CONCEPT OF “HIKAYA” IN TURKIC FOLKLORE

Abstract. The article examines the genre nature and structural features of prose narratives with demonological content in the oral traditions of Turkic-speaking peoples. The aim of the study is to describe these narratives, which are rooted in traditional beliefs, historical memory, and mythological worldview, as a distinct genre

* Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Ә.Ж. Ұлықпанова, П.Т. Әуесбаева, Н.Ә. Сәрсек. Түркі фольклорындағы «хикая» ұғымын қайта межелу // "Керуен". - 2026. №2, (91-том). - Б. 82-97. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2026.2-05>.

system and to clarify the semantic scope of the concept of hikaya. The study draws on texts included in the collection Hikayas of the Turkic Peoples, as well as folklore materials collected by the author. Ethnolinguistic, comparative-typological, and descriptive methods were employed. The genre features of demonological narratives are analysed in comparison with the concepts of demonological tale, bylichka, and memorate used in Russian and Western European folklore studies. The findings show that these texts are characterised by a system of supernatural beings grounded in traditional beliefs, plots depicting encounters between humans and the otherworld, sacred or dangerous spaces such as water, roads, mountains, cemeteries, and deserted steppes, motifs of observing or violating taboos, the presentation of events as factual, and the narrator's position as a witness. The study also demonstrates that the stable relationship between character, place, and action is one of the principal elements organising the internal structure of the hikaya. Such figures as zhyn, peri, shaitan, albasty, zheztynrak, ubbe, bichura, and shurale are shown to form the thematic and poetic system of the genre. The results contribute to the classification of the hikaya in Turkic folklore and to a clearer definition of its genre boundaries.

Acknowledgments: This research was carried out within the framework of project BR27101897 «Digital Transformation of the Ecosystem of Literary Studies, Folklore Studies, and Art Studies in Kazakhstan: Interdisciplinary Research».

Keywords: demonological narrative, hikaya, Turkic folklore, genre autonomy, typology.

А.Ж. Улыкпанова^{1*}, П.Т. Аuesбаева², Н.А. Сарсек³

¹Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, Актюбе, Казахстан

^{2,3}Институт литературы и искусства имени М.О. Ауезова, Алматы, Казахстан

E-mail: ¹ulykpanova465@gmail.com, ²ksaryarka@inbox.ru, ³sarsekn@mail.ru

ORCID: ¹0009-0000-3316-7112, ²0000-0002-7716-9715, ³0000-0003-4586-5318

ПЕРЕОПРЕДЕЛЕНИЕ ГРАНИЦ ПОНЯТИЯ «ХИКАЯ» В ТЮРКСКОМ ФОЛЬКЛОРЕ

Аннотация. В статье рассматриваются жанровая природа и структурные особенности прозаических текстов демонологического содержания в устной традиции тюркоязычных народов. Цель исследования – охарактеризовать тексты, основанные на традиционных верованиях, исторической памяти и мифологических представлениях народа, как самостоятельную жанровую систему и уточнить смысловые границы понятия «хикая». Материалом послужили произведения, вошедшие в сборник «Хикая тюркских народов», а также фольклорные тексты, собранные автором. В работе применены этнолингвистический, сравнительно-типологический и описательный методы. Жанровые признаки демонологических повествований сопоставлены с понятиями «демонологический рассказ», «быличка» и «меморат», используемыми в русском и западноевропейском фольклороведении. Установлено, что этим текстам свойственна система персонажей, связанных с традиционными верованиями, сюжеты о контакте человека с потусторонним миром, сакральные или опасные пространства – вода, дорога, гора, кладбище, безлюдная степь, мотивы соблюдения и нарушения запрета, а также повествование о событии как о действительно произошедшем. Существенным жанровым признаком является и свидетельская позиция рассказчика. Устойчивая связь между персонажем, местом и действием организует внутреннюю структуру хикая. Жын, пери, шайтан, албасты, жезтырнак, уббе, бичура и шурале формируют образную и поэтическую систему жанра. Результаты исследования позволяют уточнить место хикая в жанровой системе тюркского фольклора и определить его границы.

Благодарность: Работа выполнена в рамках проекта BR27101897 «Цифровая трансформация экосистемы литературоведения, фольклористики и искусствоведения Казахстана: междисциплинарные исследования».

Ключевые слова: демонологический рассказ, хикая, тюркский фольклор, жанровая самостоятельность, типология.

1. Кіріспе

Түркі тілдес халықтардың ауыз әдебиетінде бұрын миф, аңыз, эпсана, хикая атауымен зерттеліп келген фольклорлық әңгімелер жанрлық тұрғыдан бірдей емес. Хикая жанрында өткен шақ пен бүгінгі шақты біріктірген синкреттілік сипатқа ие. Хикаяның өзегінде мифтік бастау байқалып, ескілікті заманның наным-сеніміне негізделген атам заманғы оқиға елес берсе, екінші жағынан бүгінгі күнге тиесілі тірі адамға қатысты әрекет көрініс табады. Мұндай мәтіндерде бірінші жақтан әңгімелеуші кейіпкер оқиғаның өмірде шын болғандығына, ақиқаттығына тыңдаушысын сендіре отырып баяндайды.

Көнеден жеткен прозалық әңгімелердің түп-төркінін анықтауда біршама кедергілерге тап боламыз. Кейбір мәтіндерде ертегі, миф, аңыз, хикая бір-бірімен астасып жатады. Хикая жанрына жатқызылып жүрген елді емдеген бақсы, желеп-жебеп жүретін аруақ туралы мәтіндер мен адамның үрей-қорқынышын тудыратын, наным-сенімге негізделген мәтіндердің құрылымы, негізгі өзегі бір басқа. Сондықтан да хикая деп топтастырылған фольклорлық мәтіндердің ішінен демонологиялық әңгімелерді жеке қарастыру, жанрлық ерекшеліктерін айқындау қажеттілігі туындайды. Жын, шайтан, пері, албасты, жезтырнақ, үббе секілді персонаждар туралы мәтіндер – демонологиялық әңгімелердің топтамасына енеді. Түркі фольклорындағы демонологиялық әңгімелерді жанрлық тұрғыдан жаңаша жіктеу – өзекті ғылыми мәселелердің бірі болып отыр.

Шындық пен қиял астасып келіп, адам санасының түп төркінінде қорқыныш туғызатын мұндай мәтіндер орыс фольклортануында «демонологический рассказ», «быличка» деп тақырыпталады, жанр ретінде қарастырылады. Өмірде болуы мүмкін емес оқиғаны сендіре отырып баяндау – демонологиялық әңгіменің басты жанрлық ерекшеліктерінің бірі. Баяндаушының өзі куәгер сипатында көрінеді. Батыс фольклортануында «меморат», «наным-сенімдік нарратив» (belief narrative) ұғымдары қалыптасқан термин ретінде қолданылады. Демонологиялық әңгімелерді «хикая» деп жалпылай беру халықаралық ғылыми дискурспен сәйкес келмейді әрі жанрлық жүйелеудің дәлдігін әлсіретеді. Қолдап, қорғау функциясын атқаратын персонаждар әрекеті байқалатын әрі қорқыныш туғызатын оқиғалардың өне бойында жүретін персонаждары бар әңгімелер – бір жанрға жатуы мүмкін емес. Тыңдаушының бойында үрей оятатын мұндай мәтіндерді «демонологиялық әңгіме» ұғымы аясында қарастыру – әлемдік фольклортануда орныққан ғылыми жүйемен сабақтастыра зерттеуге мүмкіндік береді. Зерттеу пәні – осы мәтіндердегі демонологиялық кейіпкерлерге құрылған жанрлық құрылым мен олардың функциялық сипаты.

Мақалада демонологиялық әңгімелердің мазмұндық құрылымы, кейіпкерлер болмысы, баяндалу сипаты, жанрлық қызметі қарастырылады. Осы бағытта түркі халықтарының ауыз әдебиетіндегі демонологиялық мәтіндер орыс пен батыс фольклортануындағы «быличка», «меморат», «наным-сенімдік нарратив» ұғымдарымен салыстырыла талданады. Қорқыныш туғызатын кейіпкерлердің ортасы, оқиға орны, үрей туғызатын сипаты, тыйым сала отырып, тыңдаушыны сақтандыруды көздейтіндігі жанрлық ерекшеліктерді айқындауға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижесінде халықтық наным-сенімге негізделген прозаның дербес жанрлық қабатының ғылыми негіздемесі ұсынылды.

2. Материалдар мен әдістер

2.1. Зерттеу әдістері

Зерттеу дереккөздерін түркі тілдес халықтардың ауыз әдебиетіндегі демонологиялық сипаттағы прозалық мәтіндер құрайды. Әдістнамалық бағыт осы наным-сенімнен туған әңгімелерді талдауға негізделді. Нақты дереккөз ретінде Ш.И. Ибраев, А.К. Ахметбекова, П.Т. Әуесбаеваның «Түркі халықтарының хикаялары» атты жинағы алынды. Бұл еңбекте қазақ, қырғыз, татар, башқұрт, өзбек, эзербайжан және басқа да түркі халықтарының демонологиялық әңгімелері жинақталған. Материалдар кейіпкерлер жүйесі, оқиға өтетін мекен және баяндау сипаты бойынша салыстырылды.

Зерттеу барысында албасты, жезтырнақ, үббе, шайтан, пері, шүрәле, жын, дәу, мекір мен бичура, күлдіргіш сынды персонаждары бар демонологиялық мазмұндағы әңгімелер жанрлық белгілер бойынша іріктеліп алынды. Әулие, көріпкел, бақсы секілді сакральды бейнелер – қауіп туғызушы емес, қорғаушы тұлғалар ретінде бағаланды.

Зерттеуде демонологиялық әңгімелерді этнолингвистикалық, жанрлық-типологиялық тұрғыдан талдай отырып, салыстырмалы фольклортану әдістері қолданылды. Зерттеу әдіснамасы негізінде кейіпкерлер әрекетінің нәтижесінде пайда болатын сақтандыру-тыйымдық функциялары мен кеңістік моделін көрсету арқылы демонологиялық мәтіндердің жанрлық табиғаты айқындалды. Этнолингвистикалық тұрғыдан демонологиялық әңгімелерді талдау барысында кеңістік моделін негіздеу, сақтандыра отырып тыйым салу, қауіптен аулау болуға шақыру әрекетінің наным-сенімді, адам баласының дүниетанымдық болмысын қалыптастыратындығы анықталды. Салыстырмалы әдіс негізінде теориялық тұрғыдан орыс және батыс фольклортануында орныққан ұғымдармен сабақтастыра зерттелді. Түркі халықтарының наным-сенімінде орныққан демонологиялық әңгімелерге салыстырмалы талдау жасалып, типологиялық тұрғыдан жүйеленді. Нәтижесінде көптеген іргелі зерттеулерде жалпы «хикая» атауымен топтастырылып жүрген мәтіндердің елеулі бөлігі демонологиялық әңгімелер деп тақырыптауға, жанрлық шекарасын нақтылауға болатындығы дәлелденді.

2.2. Материалдарға сипаттама

Түркі фольклорындағы хикаяны зерттеу, демонологиялық мазмұндағы әңгімелерді жанрлық тұрғыдан межеліу мәселесі отандық және шетелдік фольклортану ғылымында әртүрлі қырынан қарастырылған. А. Ахметбекова, П. Әуесбаева, Ш. Ибраевтің «Turkic “Hikaya” Genre and Its Characters» атты мақаласында хикая жанры халықтық наным-сенімге негізделген, шынайы оқиға ретінде ұсынылатын (true story – «шын болған оқиға») баяндау үлгісі ретінде сипатталады. Көрнекті фольклортанушы ғалымдар хикая жанрының нақты белгілерін атай отырып, демонологиялық әңгімелерге тән ерекшеліктерді де жоққа шығармайды. Ертегі мен аңыз, мифте тыңдаушы – нарратордың баяндауын ақиқат, шындық деп қабылдамауы да мүмкін. Ал хикаяда өмірдегі шынайы тірлік пен үрей, қорқыныш туғызатын әрекет астасып, қатар жүріп, баяндаушы «куәгер ретінде сипаттап отырған шындығына» өзгенің көзін жеткізеді. Нәтижесінде үрей туғызатын сюжет пайда болып, сақтандыру, тыйым салу әрекеттері адам санасына еріксіз құйылады. Мақала

авторлары хикаяның атауы мен жанрлық ерекшеліктері түркі халықтарында әлі де болса біріздендірілмегені туралы ескертеді (Ахметбекова және т.б., 2018: 87).

Батыс фольклортануында демонологиялық мазмұндағы ауызша мәтіндерді жанрлық межелдеу кейіпкер бейнесі негізгі өлшем ретінде танылады. V. Chervaneva мұндай мәтіндердің жанрлық ерекшеліктерін түсіну үшін демонологиялық кейіпкерді талдаудың маңызы екенін атап көрсетеді (Chervaneva, 2016: 57). Түркі деректеріндегі демонологиялық мәтіндерді де «хикая» атауымен шектемей, кейіпкердің сипаты мен мәтіндегі орны арқылы да қарастыруға болады.

Р.Н. Безертинов түркі халықтарында асқар тау, ну орман, өзен-көл, жол, қоныс – киелі мекен, кеңістік ретінде қабылданғанын атап өтеді. Осы орындардың тыныштығы бұзылған жағдайда елге кесір тиеді, ауру тарайды, бақытсыздық орнайды деген сенім орныққанын көрсетеді (Безертинов, 2006: 78). Бұл модель демонологиялық әңгімелердегі тыйым мен ескертудің дәстүрлі наным-сеніммен байланыста екенін танытады. Демонологиялық әңгімелерді этнолингвистикалық тұрғыдан талдауда Н.И. Толстойдың ғылыми мектебінің ықпалы зор. Автор наным-сенімнен туған қорқынышты әңгімелерді дүниетанымдық тұрғыдан қарастыру қажеттігін атайды. Шынайы оқиға мен ойдан шығарылған әңгіменің нәтижесінде пайда болған, тыңдаушысын үрейлендіре отырып, сақтандыру қызметін қоса атқаратын демонологиялық мәтіндерде көркем қиял болмайды, негізінен тілдік сананы қалыптастырушы күш басым дейді (Толстой, 1984: 8).

Демонологиялық әңгімелердегі негізгі түйін – адам баласына қорқынышты кеңістіктің бар екенін көрсету, өмір мен өзге дүниенің бар екендігін жоққа шығармау, тыйым салу, сақтандыру межесін белгілеп, әлеуметтік қарым-қатынастарды реттейді, тыйымдық ережелерді туғызады. Қорқыныш арқылы адам дүниетанымын қалыптастыратын әңгімелерді тұрмыстық және тарихи сипаты бар хикаялармен бір қатарға қою – жанрлық ерекшеліктерді көрсете алмайды. Мұндай тұжырым бастыс фольклортануындағы материалдармен де сабақтасады. Зерттеуші И. Головаха-Хикс украиндарда демонологиялық нанымдардың қазіргі кезде де сақталып отырғанын айтады (Головаха-Хикс, 2008: 37). Демонологиялық мазмұндағы әңгімелерді жанрлық тұрғыдан межелдеу мәселесі тек түркі материалымен шектелмейтіндігін байқаймыз.

Орыс фольклортануында «демонологиялық әңгіменің» термин ретінде қалыптасқанын Л.Н. Виноградова (Виноградова, 2000: 118), С.М. Толстая (Толстая, 2000: 52-53), Е.Е. Левкиевская (Левкиевская, 2000: 99) еңбектерінен көруге болады. Бүгінде батыс фольклортануында *memorate* (меморат), *belief narrative* (наным-сенімдік нарратив), *supernatural legend* (тылсым күш туралы аңыздық әңгіме) ұғымдары ғылыми қолданысқа енген. Түркі халықтарының фольклорындағы демонологиялық әңгімелерді тұтасымен хикая жанрының аясында қарастыру ғылыми дискурсқа сай емес. Наным-сенімге негізделіп, үрей-қорқыныш тудыратын мәтіндерді «демонологиялық әңгіме» атауымен зерттеу әлемдік фольклортану жүйесімен әдістнамалық тұрғыдан сабақтастықта қарауға мүмкіндік береді. Біздің мақаламызда демонологиялық әңгімелердегі кейіпкерлер болмысы, оқиға мен оның өткен орны, қорқыныштың туындау себептері мен шешілуі жанрлық тұрғыдан жүйеленді.

Хикая жанрын демонологиялық мазмұндағы әңгімелермен сабақтастыра қарастырудың алғышарттары ХХ ғасырдың басында-ақ қалыптаса бастағандығын дәлелдейтін деректер бар. Н.Е. Онучков 1909 жылы «Северные сказки» жинағын жариялады (Онучков, 1909: 2-115). Бұл жинаққа Солтүстік Ресей халқының ертегілері мен демонологиялық мазмұндағы әңгімелері енген. Әрине, Н.Е. Онучковтың басты мақсаты – фольклорлық прозаны зерттеу емес, ел аузындағы айтылып келген ауыз әдебиетінің үлгілерін түпнұсқа калпында жариялау еді.

Демонологиялық әңгімелердің халықтың салт-дәстүрінде алатын орны мен қызметін талдауда Т.А. Агапкинаның еңбегі ерекше. Автор демонологиялық әңгімелерді қауіп-қатер күшейетін мезгілдерді маусымдық ғұрып фольклорымен, ырым-тыйымдармен байланыста қарастырады (Агапкина, 2000: 212-243). Зерттеуші демонологиялық кейіпкер халықтың дүниетанымда уақыт пен кеңістікті байланыстырушы есепті бейне деп біледі. Автордың тұжырымдары демонологиялық кейіпкерді типологиялық және семантикалық тұрғыдан талдауға негіз болады. Башқұрт фольклортанушысы Ф.А. Надршина демонологиялық кейіпкерлерді хикая жанрының аясында қарастырған (Надршина, 1998: 21-23). Э.Э. Померанцева демонологиялық әңгімелердегі баяндаушының рөлін айрықша атап көрсеткен (Померанцева, 2023, 25-26).

Қазақ фольклортануында ХХ ғасыр басында демонологиялық әңгімелерге қатысты алғашқы сөз қозғағандардың бірі Халел Досмұхамедұлы. Ол хикая жанрының мазмұндық өзегін албасты, жын, пері, жезтырнақ, жалмауыз кемпір тәрізді кейіпкерлерге қатысты наным-сенімге негізделген мәтіндер құрайтынын көрсетіп, оларды «Перілік хикаялар (демонологические рассказы)» деп атайды (Досмұхамедұлы, 1991: 25-26). Автор мұндай әңгімелердің негізгі қызметі – адамға қауіп төндіруші кейіпкерлерді таныту, олардың әрекетінен сақтандыру және қауіпті кеңістік туралы тыйымдық түсініктерді орнықтыру екенін айқындайды. Демек, Х. Досмұхамедұлы еңбектерін қазақ ғылымындағы демонологиялық мазмұндағы прозаны жанрлық тұрғыдан алғаш жүйелеген ғылыми бастама ретінде бағалауға негіз бар.

Академик С.А. Қасқабасов зерттеулерінде демонологиялық әңгімелер – хикая жанрымен сабақтастықта қарастырылады. Ертегіден тыс аңыздық прозаның барлық түрін зерттеген ғалым, халықтың наным-сенімінен туған хикая – мифтік жүйеден бастау алады деді. Адам баласының үббе, жын, шайтан, пері, жезтырнақ тәрізді демонологиялық кейіпкерлермен кездесуі шын оқиға тәрізді баяндалады. Адам мен өзге әлемнің арасындағы межелі кеңістіктің бар екендігін танытады деп білді (Қасқабасов, 2014: 99-101). Ол хикая жанрын зерттеу арқылы демонологиялық мазмұндағы әңгімелердің жанрлық ерекшеліктерін жүйелеп береді. Автордың айтуынша көріпкел, бақсы-балгер, әулие тәрізді сакралды бейнелер үрей туғызбайды. Ал демонологиялық әңгімелерде тыңдарман санасында қорқыныш туғызу сипаты басым. Сондықтан хикая мәтіндері теориялық тұрғыдан жаңаша пайымдауды қажет етеді демекпіз.

Біздің зерттеуімізге әдістнамалық тұрғыдан басты бағыт болатын іргелі еңбектердің қатарына Ш.И. Ибраев, А.К. Ахметбекова, П.Т. Әуесбаева құрастырған

«Түркі халықтарының хикаялары» жинағы жатады. Зерттеушілер хикаяның синкерттілік сипатын тұжырымдай келе, демонологиялық мазмұндағы мәтіндерді талдауды. «Бұрынғы кеңес кеңістігіне енген түркі халықтарының фольклортану ғылымында «хикая» жанры орыс ауыз әдебиетіндегі демонологиялық әңгімелердің аналогы ретінде қарастырылып, басты белгілері «быличка» жанрымен салғастыру барысында анықталды (Ибраев және т.б., 2014: 4), – дейді. Теориялық пайымдаулар жасалып, түркі халықтарының хикаялары жинақталған бұл еңбекті біздің зерттеуіміз үшін деректік корпус деп бағалаймыз.

Профессор С. Ақатай адам мен өзге әлем арасындағы байланысты түсіндіру үшін демонологиялық әңгімелерді қазақ дүниетанымымен байланыста қарастырады (Ақатай, 2011: 214). Сонымен қатар түркі мифологиясындағы демонологиялық кейіпкердің бірі ретінде албасты (al karisi) бейнесін арнайы талдаған Өзкүл Чобаноглының зерттеуі де ерекше назар аударуға тұрарлық (Чобаноглы, 2018: 106).

Түркі халықтарының демонологиялық әңгімелері талданған Ш. Ибраев, С. Бахадырова, Б. Рахымовтың «Түркі халықтарының фольклоры» атты ұжымдық еңбекті атап өтпеске болмайды. Зерттеуде түркі халықтарының аңыздық прозасы жүйеленіп, хикая мәтіндері мазмұнына қарай сараланады. Жинақтағы «Долған фольклоры» атты бөлімде «Ертегіден тыс аңыздық прозаға» жататын хикая: 1) ескі наным; 2) демонологиялық әңгімелер» деп жіктеледі делінген. Авторлар хикаяларда адам мен демонологиялық кейіпкерлердің кездесуі жиі ұшырасатынын, мұнда жын, албасты, жат рухтар туралы наным-сенімдер басым екенін атап өтеді (Ибраев және т.б., 2005: 29).

Қазақ әдебиеттану ғылымында демонологиялық әңгімелер туралы талдаулар Ш. Елеукуновтің «От фольклора до романа-эпопеи» атты монографиясында кездеседі. «Демонологические сказки» бөлімінде автор этнограф М. Миропиев жинақтаған мәтіндерге тоқталады: «М. Миропиевтің айтуынша ескілікті наным-сенімге байланысты өмірге келген демонологиялық ертегілер біртіндеп халық жадынан шығады дегенімен де, күні бүгінге дейін демонологиялық ертегілер (былички) әлі күнге дейін айтылуда» (Елеукунов, 1987: 31-32). Автор табиғаттың тылсым сиқырлы күштерін иеленген жын, пері, албасты, жезтырнақ, жерасты патшалығының иесі Үббе, жалмауыз кемпір, Күлдіргіштер адам баласын алдап-арбап, адастырып, қорқытып, жоқ қылуға тырысқан. Әйтсе де бұндай образдардың барлығын тек құр қиялдан туған деуге болмайды. Әр образдың аржағында халықтың исламға дейінгі наным-сенімі жатыр деген тұжырым жасайды.

Аталған еңбекте демонологиялық мәтіндердің жанрлық белгілері жүйеленген: адам мен оны қорқытып-үркітуші күш – кейіпкерлер жүйесін құрайды; Адам – беймәлім, тылсым күштің алдында қарсы әрекет жасауға әлсіз; Оқиға барысындағы тұрақты мотивтерге кездесу, үрей, қысым көрсету, зияндық жасау, құтылу, сақтану жатады; Адам сырқаттанған кезде аурудың иесі – демонологиялық кейіпкер сипатында көрінеді; Демонологиялық мәтіндерде оқиға «болған жағдай» сияқты көрінгенімен, ертегі секілді күрделі сюжетке құрылмайды (Елеукунов, 1987: 31-32). Автор демонологиялық оқиғаларды фольклорлық құбылыс ретінде бағалайды.

Ф.ғ.д., професор Ж.Ә. Аймұхамбеттің «...Алайда, біз пері, эльф, нимфа, фея, сида сияқты тіршілік иелері мен адам баласы арасындағы қызықты да ғажайып

оқиғаларға құрылған мифтік баяндарды толығымен хикаяларға жатқызбаймыз. Бұл баяндар өзіндік ерекшелігімен тұтастай бір жүйе түзетін, мифтік танымға негізделген құрылымымен дара тұрады» (Аймұхамбет, 2018: 129) деген тұжырымынан демонологиялық мәтіндерді миф пен хикаядан бөлек қарастыруға негіз бар екенін түсінеміз. Ж.Ә. Аймұхамбет мифтік кейіпкерлердің өтпелі сипатына назар аударып, пері секілді демонологиялық бейнелердің адаммен тікелей қарым-қатынасқа түсетін кейіпкер ретінде көрінетінін, мұндай әңгімелердің хикаялық және эпсаналық формада орныққанын көрсетеді. Мифтік-демонологиялық кейіпкерлер қатысатын мәтіндерді «хикая» атауымен жалпыламай, жанрлық тұрғыдан даралау ғылыми тұрғыдан негізді деп білеміз.

Соңғы жылдары түркі мифологиясы мен фольклорындағы демонологиялық кейіпкерлерді арнайы қарастырған еңбектер жарық көре бастады (Нұрбаева және т.б., 2025: 135-142). Демонологиялық бейне туралы еңбекте түркі танымындағы жалмауыз кейіпкердің адам баласына төндіретін қауіпі мен іс-әрекеті талданған (Оразхан және т.б., 2024: 233-245). Мұндай зерттеулер демонологиялық мәтіндерді жеке жанр ретінде қарастыруға мүмкіндік береді (Кішкенаева, Ибраева, 2020: 313).

Фольклортанушылар П.Т. Әуесбаева, А.К. Ахметбекова түркі халықтарындағы албасты, жалмауыз кемпір бейнелерінің демонологиялық сипатына талдау жасайды (Әуесбаева, Ахметбекова, 2016: 58-60). Қазақ қана емес, татар, башқұрт, өзбек, ұйғыр, алтай, түрік, азербайжан, қырғыз, қарқалпақ, ноғай, тыва халықтарындағы «албасты» атауының этимологиялық негізін талдай отырып, албасты бейнесінің «деградациясын» түсіндіреді. Ежелгі заманда босанған әйелдерді қорғайтын құдай қалпында қабылданғанын, кейіннен адамнан бастап жан-жануарларға, түрлі кейіпке ауысып кете алатын түрі ұсқынсыз, аса қорқынышты құбыжыққа айналғандығын албастыға қатысты сюжеттерге кеңінен тоқталған. Түп негізі көнеден келе жатқан «жалмауыз кемпір» құбылып, өзгерістерге ұшырау арқылы сан ғасырлық сатыдан өткен. Алдымен құбыжық сипатында, одан соң жеті басты жалмауыз, ең соңында мыстан кемпір бейнесіне келген демонологиялық кейіпкердің өкпе болып суда қалқып кететіндігі, енді бірде үйде жалғыз қалған қыздың қанын соруы, бала ұрлап кетуі, батырларды ұйықтатып тастауы сықылды сюжеттер аз емес (Әуесбаева және т.б., 2016: 384-387). Демонологиялық әңгімелердің тілдік ерекшеліктері мен баяндаушының стилі көркемдік қызмет атқарып қана қоймайтындығын, кейіпкердің қауіппен бетпе-бет келген тұстағы ширыққан сәттерін психологиялық талдауға өзек болатындығын байқаймыз (Әуесбаева және т.б., 2025: 135).

Ғылыми еңбектерде демонологиялық әңгіменің жанрлық дербестігі – құрылымдық-семантикалық тұтастықпен негізделеді. М.Л. Лурье мен И.А. Разумова демонологиялық мәтіндердің құрылымын «адам – демон» қарым-қатынас жағдаяты айқындайтынын көрсетіп, мұндай әңгімелерді мифологиялық прозадан дербес жанр ретінде ажыратудың қажеттігін дәлелдейді (Лурье, Разумова, 2002: 11–12). С.И. Грахова демонологиялық әңгімелер поэтикасын «екі дүниелілік» принципі арқылы түсіндіреді. Автор адам мен тылсым күш, өзге әлем арасындағы меженің құбылмалы сипатта көрінуінің өзі, қорқышын пен үрейді еселеп көрсетіп, сақтанудың маңызы арта түседі дейді (Грахова, 2014: 65-66).

3. Талқылау

Түркі халықтарының демонологиялық әңгімелерін салыстыра қарайтын болсақ, тылсым күш иелері – оқиғаның қосалқы кейіпкер емес, олар хаосты ұйымдастырушы. Олар қарапайым адамның тіршілігіне сыйқырлы, үрейлі, қорқынышты, тылсым күш ретінде араласады. Екі әлемнің ортасындағы қалың жыныс орман, өзен-көл, бұлақ басы, жотаның үсті, тау етегі, адам жүрмес жол, тақыр жердегі мола, шыңырау құдық, сексеуіл, ауыл іші, күрке, қамыс қасы, ел қоныстанбаған қу дала, бетпақ шөл дала, Жетіқоңыр құмы секілді межелік мекендерде оқиғалар өтеді. Тылсым күш иелері «өзге әлемнің» өкілдері болса да, олардың іс-әрекеттері осы дүниеде өтеді. Кері әлемнің кейіпкерлері – кәдуілгі адамдарға қарағанда өзгеше болып суреттеледі. Адам – екі көзді, ал демонологиялық кейіпкер жалғыз көзді, адамның өкшесі табанының артында, теріс әлем өкілінің өкшесі алдында орналасады. Олар адам етін жеуге әуес. «... Адам екі дүниені ажыратушы да, біріктіруші де. Мифтік сананың негізінде адам бұл дүниедегі шынайылық о дүниедегі фантастика деген шекті белгілеуші болды. Бұл адам дүниетанымын қалыптастырған мифтік сананың жаратылысы тіршілікпен байланысты дүние мен оған кері дүниенің қатар өмір сүруін тану формасы іспеттес» (Ибраев және т.б., 2014: 6). Адамдар әлемі мен теріс әлем заңдылық бойынша бір-бірімен жанасапауы керек. Бірақ заңдылыққа қайшы болса да, демонологиялық мәтіндерде жат дүние мен бұл дүниенің арасында өткен оқиға баяндалады. Демонологиялық мәтіндердің басты ерекшелігінің бірі де осы. Мұндай мәтіндерде екі әлем өкілінің кездесуі арқылы адам баласының бойында сақтану, аман қалу функциясы алдыңғы орынға шығады.

Демонологиялық әңгімелерде тылсым күш иелерімен адамның күресі сюжетке негіз болады. Үрей туғызатын кейіпкерге қарсы шығатын адам үздіксіз қозғалыста көрінеді. Бірде аңға шығады, аулаған аңын пісіріп жеу үшін от жағады, не ну тоғайда адасып, шығар жолын іздейді, не орман аралайды, жылқы бағады, сауық құрады, жорыққа аттанады, жалпы үнемі жол үстінде жүргені сипатталады. Осы белгілердің өзі демонологиялық әңгіме кейіпкерлерін жеке-жеке саралауды қажет етеді. Өйткені кейіпкерлердің жүретін мекені әртүрлі, мезгіл бірдей емес, мың сан оқиғаға тап болады. Бірі қу мекиен далада, бірі қалың орманда, бірі бейіт басында тылсым күш иесімен кездеседі. Демонологиялық мәтіндердегі кейіпкерлер жүйесі, кеңістік, мезгіл, атқаратын қызметі, жанрлық ерекшеліктері төмендегі кестеде (Кесте 1) жүйелеп көрсеттік.

1-кесте. Түркі халықтарының демонологиялық әңгімелеріндегі кейіпкерлер типологиясы

№	Кейіпкер атауы	Бейне типі	Негізгі функциясы	Көріну кеңістігі	Жанрлық орта
1	Албасты	Антропоморфты	Адамға зиян келтіру (әсіресе босанған әйелге), үрей туғызу, адастыру, дерт шақыру	Үй іші, түнгі кеңістік, су маңы, елсіз мекен	Демонологиялық әңгіме; наным-сенімге негізделген мәтіндер

2	Адам жегіш	Аралас	Адамды құрбан ету, қорқыту, сынаққа салу	Елсіз жер, орман, шет аймақ	Демонологиялық баяндау сипатындағы мәтіндер
3	Айдаһар	Жануар/ аралас	Қауіп төндіру; су, жауын-шашынмен байланыс	Су, өзен, межелік (өтпелі) кеңістіктер	Мифологиялық-аңыздық мәтіндер; кей тұста демонологиялық әңгіме
4	Дио / дәу	Аралас, антропоморфты	Қауіп төндіру, күш сынау	Тау, үңгір, елсіз кеңістік	Ертегілік бейнеден демонологиялық баяндауға ауысқан мәтіндер
5	Жалмауыз (жалмауыз кемпір)	Аралас	Адамды тұтқындау, жеу, үрей туғызу	Орман, елсіз дала, шалғай мекен	Демонологиялық әңгімеге жақын баяндаулар
6	Жезтырнақ	Антропоморфты	Адастыру, арбау, құрбанын жою	Түнгі кеңістік, иесіз мекен	Демонологиялық әңгіме
7	Жын	Рухани, бейнесі құбылмалы	Иелену, үркіту, адастыру	Үй іші, түз, түнгі уақыт	Демонологиялық әңгіме; діни-мифологиялық түсінік
8	Ие (үй иесі, су иесі, жер-су иесі)	Рухани	Қорғау немесе жаза беру, тәртіп нормасын бекіту	Үй, су, жер-су, нақты мекен	Хикая типіндегі әңгімелер; нанымдық баяндаулар
9	Күлдіргіш	Антропоморфты	Күлкі арқылы қорқыту, адастыру	Елсіз жер, түнгі кеңістік	Демонологиялық әңгіме
10	Мекір (хайуан кейпіне енетін жын)	Аралас	Адастыру, зиян келтіру	Елсіз жер, түнгі кеңістік	Демонологиялық әңгіме
11	Мыстан кемпір	Антропоморфты	Алдау, зиян келтіру, кейіп ауыстыру	Мәтіндік контекске тәуелді	Ертегілік бейнеден демонологиялық баяндауға ауысқан мәтіндер
12	Пері (кәпір пері, мұсылман пері)	Рухани/ Антропоморфты	Арбау, көмек көрсету немесе зиян келтіру	Тау, су маңы, межелік (өтпелі) кеңістік	Демонологиялық әңгіме
13	Сөрел	Антропоморфты	Қорқыту, адастыру	Орман	Аймақтық демонологиялық әңгімелер
14	Шайтан	Рухани, діни бейне	Азғыру, адастыру, үркіту	Кеңістік мәтінге тәуелді	Демонологиялық әңгіме; наным-сенімге негізделген мәтіндер
15	Шүрәле (татар)	Антропоморфты	Адастыру, қорқыту	Орман	Демонологиялық әңгіме

16	Убыр	Антропоморфты/ рухани	Зиян келтіру, түнгі үрей туғызу	Елсіз жер, түнгі кеңістік	Демонологиялық әңгіме
17	Үббе	Рухани	Су маңында үркіту, адастыру	Су, өзен, межелік (өтпелі) кеңістік	Демонологиялық әңгіме
18	Бичура	Рухани (үй иесі), кейде құбылмалы	Үй ішін мазалау, үркіту, ұсақ «кесір» келтіру (зат жасыру, ұрлау, ыдыс сыйдыру), берекені қашыру.	Үй іші, ошақ-қоныс, шаруашылық кеңістік	Демонологиялық әңгіме; наным-сенімге негізделген мәтіндер
19	Дөнәгәр	Аралас (адамнан жануарға айналатын бейне)	Адамды алдау, үркіту; түнгі қауіп; кейіп ауыстыру арқылы зиян келтіру (қасқыр/жануар бейнесі т.б.)	Түнгі кеңістік, елсіз жер, жол/ сырт кеңістік	Демонологиялық әңгіме

1-кестеде көрсетілгендей, демонологиялық мәтіндердегі иен дала, қалың қамыс арасы, адам бойлап өте алмас ну жыныс, орман іші тәрізді межелі кеңістік – қауіптің қайнаған ортасы. Мұнда шайқасқа түсетін хас батырды емес, тылсым күштен қорғану үшін дұғасын оқып, үрейленген персонажды көреміз, яғни сақтану арқылы аман қалу моделі қалыптасады.

Баяндаудың ерекшелігі де адамның басынан өткен қызықты оқиғасын өзгеге жеткізу емес, қауіпті кеңістіктің бар екендігін жеткізе отырып, тыңдаушысын сақтандырумен байланысты. Н.И. Толстой мифологиялық бейнелерді кеңістік, тыйым, сенім және дүниетаным категорияларымен сабақтастыра талдауды ұсынады. Бұл тәсіл демонологиялық кейіпкерлерді тілдік әрі нарративтік тұрғыдан пайымдауға мүмкіндік береді.

Орыс фольклортанушылары Э.В. Померанцева, Т.А. Агапкина, Т.В. Гусаровалар да демонологиялық әңгімелердің жанрлық ерекшеліктері ретінде оқиғаның куәгер сөзімен баяндалуы, тыңдаушыны сендіру мақсат етілетіндігі, үрей туғызатын нақты мекеннің бар екендігін атап көрсеткен. Бұл белгілер демонологиялық әңгімелерді дербес жанр ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Фольклортанушы П.Т. Әуебаеваның еңбектерінде демонологиялық кейіпкерлердің адам баласымен кездесу сәтіндегі қорқыныш туғызатын сипаты, оқиға өтетін мекен – жанрлық белгілер ретінде қарастырылған (Әуесбаева, Ахметбекова, 2016: 58-60; Әуесбаева және т.б., 2025: 135).

Демонологиялық әңгімелерді типологиялық тұрғыдан 3 топқа жіктеуге болады. Бірінші топта оқиға өзен-көл, қамыс іші, су жағасында өтеді. Үббе, албасты туралы әңгімелерде су – демонологиялық қатердің негізгі ортасы ретінде беріледі. Үббе, албасты адамның атын атап шақырады, еліктіреді, өзінің қақпанына түсіруге әрекет жасайды. Баяндау сипатына келсек: «Бір қазақ дария жағалап келе жатса...», «су

ішінен бір кісінің атын атаған дауысты естиді» деген нақты деректер – оқиғаның өмірде шын болғандығына тыңдаушының көзін жеткізеді. Албасты туралы мәтіндерде өкпенің суда қалқып жүргендігімен, түнгі уақытта өтетін оқиға сюжетінің қоюланып, тыңдарманның үрейін ұшырататындығымен ерекшеленеді. Бірінші топтағы демонологиялық әңгімелерде «Су маңы – тыйым – сақтандыру» функциясы жүзеге асады.

Екінші топтағы мәтіндерде оқиға орман жол үстінде, иен далада, қалың жыныс орман ішінде, далада өтеді. Шүрәле, дөнәгер секілді кейпі өзгеріп тұратын бейнелер адамдарға тікелей шабуыл жасамайды, бірақ алдау, арбау, адастыру әрекеттерімен көрінеді. Қауіптің тікелей дөнәгердің тарапынан жасалмайды. Ол мысық, қасқыр секілді көпке таныс бейнелерге айналып кетіп, адамға қауіп туғызады. Бұл арада «Далада жалғыз жүрмеу», «Қараңғы түнде жолға жалғыз шықпау» деген секілді қауіптен сақтандыру функциясы күшейеді.

Үшінші топқа енетін бичура, шайтан секілді демонологиялық кейіпкерлердің әрекеттері үй ішінде орындалады. Үй ішінде тылсым тыныштық бұзылып, ыдыс-аяқ тарсылы, түсініксіз дыбыстар естіледі. Жалпы үй кеңістігі де демонологиялық әңгімелердегі қауіп тудыратын тұрақты мекендердің бірі. Осы үш топқа енетін кеңістік түрлері, нақты кейіпкер, қауіп тудыратын кеңістік, тылсым күштің адам баласына шабуылы, баяндаушының оқиғаны көзімен көргендей айтуы – жанрлық ерекшеліктерді танытады.

Демонологиялық мазмұндағы мәтіндерді «хикая» атауымен бір бағытта қарастыру – оның жанрлық табиғатын толықтай қамти алмайды. Түркі халықтарының фольклорындағы мазмұндық-құрылымдық, семантикалық-функциялық белгілеріне қарай демонологиялық әңгімелерді өз алдына жанр ретінде зерттеуге болады деген тұжырымға келеміз.

4. Зерттеу нәтижесі

Түркі халықтарының демонологиялық әңгімелерін салыстырмалы талдау нәтижесінде олардың кейіпкерлер жүйесі, оқиға өтетін кеңістік, баяндау тәсілі мен атқаратын қызметі жағынан ортақ жанрлық белгілері айқындалды. Зерттеу материалдары бойынша албасты, жезтырнақ, жын, ие, пері, шүрәле, үббе, бичура, дөнәгер және өзге де бейнелер антропоморфты, рухани және аралас сипаттағы үш негізгі типке топтастырылады. Бұл кейіпкерлердің әрекеті адамға зиян келтіру, адастыру, үркіту, тыйымды бұзғаны үшін жазалау, ал кей жағдайда қорғау қызметтерімен сабақтасады. Адам мен тылсым күштің кездесуі көбіне екі әлем арасындағы шекараның уақытша бұзылуы ретінде беріледі. Мұндай жағдайда басты кейіпкердің мақсаты қарсыласын жеңу емес, қауіптен сақтанып, аман қалу болып табылады.

Мәтіндердегі кеңістік те жанр құраушы тұрақты белгі ретінде көрінеді. Оқиға өтетін мекендер үш топқа жіктеледі: су аңы мен өзен-көл кеңістігі; орман, иен дала және жол үсті; үй іші мен шаруашылық ортасы. Су кеңістігіне қатысты мәтіндерде үббе мен албасты адамның атын атап шақыру, еліктіру арқылы қауіп төндіреді. Орман мен дала оқиғаларында шүрәле, дөнәгер тәрізді кейіпкерлер адастыру және кейіп ауыстыру әрекеттерімен көрінсе, үй ішінде өткен оқиғаларда бичура мен

тылсым дыбыстар, заттардың орын ауыстыруы, тыныштықтың бұзылуы арқылы танылады.

Демонологиялық әңгімелердің баяндау құрылымында оқиғаны шын болғандай жеткізу, куәгер сөзіне сүйену және нақты мекенді атау басым. Мұндай тәсіл тыңдаушыны сендірумен қатар, қауіпті орыннан, түнгі жолдан, су маңынан сақтандыру қызметін атқарады. Кейіпкер, кеңістік, мезгіл және тыйым өзара байланысып, мәтіннің ішкі тұтастығын қалыптастырады. Сондықтан демонологиялық мазмұндағы барлық мәтінді «хикая» атауына біріктіру олардың жанрлық табиғатын толық ашпайды. Оларды мазмұндық құрылымдық және семантикалық белгілеріне қарай дербес жанр ретінде қарастыру негізді.

5. Қорытынды

Түркі тектес халықтардың фольклорындағы демонологиялық сипаты бар прозалық әңгімелер дербес жанрлық қабатты құрай алады. Тылсым күштің адам баласымен кездесуін, үрей мен қорқыныш мазмұнын танытатын мәтіндерді талдай келе, демонологиялық әңгімелердің негізгі жанрлық ерекшеліктерін түйіндедік: оқиғаның куәгер сөзімен баяндаудағы шынайылығы, бұл дүние мен өзге әлем арасындағы межелі кеңістіктің орын алуы, тыңдаушының бойында сақтану сезімдерін қалыптастыратындығы сөзімізге дәлел бола алады.

Бұған дейінгі іргелі зерттеулерде аталып жүргендей, түркі халықтарына ортақ фольклор мұрасы жүйелі әрі кешенді түрде зерттелуі тиіс. Ерекше жаратылған, өзге әлеммен байланыс жасай алатын бақсы, балгер, киелі адамдар және ескілікті наным-сенімге, мифтік танымға қатысты пайда болған пері, жын, шайтан, албасты, жезтырнақ, жалмауыз кемпір, үббе, күлдіргіш, бичура, обыр, т.б. әрекеттеріне байланысты кейіпкерлерді «хикая» мен «демонологиялық әңгіме» жанрларына жіктейміз. Бұл жіктеу ертегіден тыс аңыздық прозаның ішкі жүйесін нақтылап, әлемдік фольклортануда орныққан ұғымдармен типологиялық тұрғыдан салыстыруға негіз болады. Цифрлық кеңістік заманында демонологиялық әңгіменің трансформациялануы мен репрезентациясын зерттеу – біздің ізденісіміздің дамуын тереңдете түсетін қадамдардың бірі демекпіз.

Әдебиеттер:

1. Ахметбекова А., Әуесбаева П., Ибраев Ш. Түркі фольклорындағы «хикая» жанры және оның кейіпкерлері // *Orsion*. – 2018. – № 85. – 87-106-бб.
2. Черванева В. Демонологиялық кейіпкермен кездесу: баяндау құрылымының екі түрі // *Folklore: Electronic Journal of Folklore*. – 2016. – 65-том. – 57-68-бб. – DOI: <https://doi.org/10.7592/FEJF2016.65.chervaneva>.
3. Безертинов Р.Н. Ежелгі түркілік дүниетаным: «Тәңіршілдік»: оқу құралы. – Қазан: РБО «Школа», 2006. – 164 б.
4. Толстой Н.И. Славян көне мұраларының этнолингвистикалық сөздігі: сөзтізбе жобасы: алдын ала материалдар. – Мәскеу, 1984. – 171 б.
5. Головаха-Хикс И. Қазіргі қалалық украин қауымдарындағы дәстүрлі демонологиялық аңыздардың өмір сүруі // *Folklore: Electronic Journal of Folklore*. – 2008. – 40-том. – 37-44-бб. – DOI: <https://doi.org/10.7592/FEJF2008.40.golovakha>.
6. Виноградова Л.Н. Славяндардың халықтық демонологиясы мен мифтік-ғұрыптық дәстүрі. – Мәскеу: Индрик, 2000. – 432 б.

7. Толстая С.М. Славяндардың жан туралы мифологиялық түсініктері // Славян және Балқан фольклоры. Халықтық демонология. – Мәскеу: Индрик, 2000. – 52-95-бб.
8. Левкиевская Е.Е. Славян дәстүріндегі мифологиялық кейіпкерлер: I. Шығыс славяндардың үй рухы // Славян және Балқан фольклоры. Халықтық демонология. – Мәскеу: Индрик, 2000. – 96-161-бб.
9. Онучков Н.Е. Солтүстік ертегілері (Архангельск және Олонец губерниялары). – Санкт-Петербург: А.С. Суворин баспаханасы, 1909. – 696 б. URL: https://rusneb.ru/catalog/000199_000009_003760859/ (қаралған күні: 21.01.2026).
10. Агапкина Т.А. Күнтізбелік мифологияның кейіпкерлері ретіндегі демондар // Славян және Балқан фольклоры. Халықтық демонология. – Мәскеу: Индрик, 2000. – 212-243-бб.
11. Надршина Ф.А. Башқұрт халықтарының ертегілік емес прозасы: филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертацияның авторефераты: 10.01.09 - Фольклортану. – Уфа, 1998. – 48 б.
12. Померанцева Э.В. Орыс фольклорындағы мифологиялық кейіпкерлер. – Мәскеу: Ғылым, 1975. – 168 б.
13. Гусарова Т.В. Быличкалар [Электрондық ресурс] // Ашық мәтін. – 2019. – URL: <https://opentextnn.ru/museum/ethnological-museum/folklor/gusarova-t-v-bylichki/> (қаралған күні: 30.10.2019).
14. Досмұхамедұлы Х. Аламан / құрастырған, алғысөзін және түсініктемелерін жазған Ғ. Әнесов, А. Мектепов, Ш. Керімов. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 176 б.
15. Қасқабасов С.А. Таңдамалы. 1-том. Қазақтың халық прозасы. Зерттеулер. – Алматы: Фолиант, 2014. – 303 б.
16. Ибраев Ш.К., Ахметбекова А.К., Әуесбаева П.Т. Түркі халықтарының хикаялары. – Алматы: ИП «Сағаутдинова», 2014. – 415 б.
17. Ақатай С.Н. Әруақ // Қазақ халқының ежелгі культтері мен дәстүрлі мәдениеті: монография. – Алматы, 2011. – 206-216-бб.
18. Өзкүл Чобаноглу. Түркі мифологиясындағы Алқарысы мен Албасты феномені: мәдени-семантикалық тұрғыдан // С. Қондыбай мұралары: әлемдік мифологияның дамуына жаңаша көзқарас: халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары (Ақтау, 6-8 маусым 2018 ж.). – Ақтау: Экожан, 2018. – 106-113-бб.
19. Ибраев Ш., Бахадырова С., Рахымов Б. Түркі халықтарының фольклоры. – Көкшетау, 2009. – 432 б.
20. Елеуенов Ш. Демонологиялық ертегілер // Фольклордан роман-эпопеяға дейін: қазақ романының идеялық-эстетикалық және жанрлық өзіндік ерекшелігі: монография. – Алматы: Жазушы, 1987. – 352 б.
21. Аймұхамбет Ж.Ә. Адамзат пен пері-зат байланысы туралы мифтік мотивтер (әлем және қазақ мифтері материалдарында) // С. Қондыбай мұралары: әлемдік мифологияның дамуына жаңаша көзқарас: халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары (Ақтау, 6-8 маусым 2018 ж.). – Ақтау: Экожан, 2018. – 129-134-бб.
22. Нұрбаева А.М., Жетібай Р.Қ., Оспанов Е.Т., Найманбаев А.А. Түркі мифологиясындағы демондық әйел бейнелері: жалмауыз кемпір, албасты, жезтырнақ, мыстан кемпір және күлдіргіштің ролі мен символикасы // Turkic Studies Journal. – 2025. – 7-т. – № 2. – 128-147-бб. – DOI: 10.32523/2664-5157-2025-2-128-147.
23. Оразхан Н.Н., Дәрібаев С., Оразова Р. Жалмауыз кемпір – түркі мифологиясындағы айрықша бейне // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2024. – № 4 (134). – 233-245-бб.
24. Кішкенбаева Ж.К., Ибраева Э.Е. Түркі фольклорындағы айдаһар мен жылан бейнесінің сакральді және демонологиялық сипаты // Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің хабаршысы. – 2020. – № 4 (84). – 310-314-бб.
25. Әуесбаева П.Т., Ахметбекова А.К. Түркі фольклорындағы албастыға байланысты сюжеттер // «Жібек жолы мәдениеттерінің халықаралық диалогі» халықаралық симпозиумының материалдары (Эрзурум, 5-6 мамыр 2016 ж.). – Эрзурум, 2016. – 58-60-бб.
26. Әуесбаева П., Ахметбекова А., Рақыш Ж. Түркі халықтары фольклорындағы жалмауыз бейнесі // IJASOS – International E-Journal of Advances in Social Sciences. – 2016. – 2-том. – № 5. – 384-387-бб. – DOI: <https://doi.org/10.18769/ijasos.77877>.
27. Әуесбаева П., Ахметбекова А., Оралбек А. Сирек басылымдар қорындағы «Қарамерген» ертегісінің мәтінтанулық зерттелуі // «Керуен». – 2025. – 88-т. – № 3. – 128-139-бб. – DOI: <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2025.3-8>.

28. Лурье М.Л., Разумова И.А. Ауызша демонологиялық әңгімелердің құрылымын олардың сюжеттерін жүйелеудің бір кезеңі ретінде талдай // «Живая старина». – 2002. – № 2 (34). – 10-12-бб. – URL: <https://inslav.ru/sites/default/files/zhs-2002-2.pdf> (қаралған күні: 21.01.2026).

29. Грахова С.И. Халықтық демонологиялық әңгімелер: екі дүниелілік ұстанымы // Филология ғылымдары. Теория және практика мәселелері. – Тамбов: Грамота, 2014. – № 1 (31). – II бөлім. – 64-67-бб. – URL: <https://www.gramota.net/materials/2/2014/1-2/16.html> (қаралған күні: 21.01.2026).

References:

1. Akhmetbekova A., Auyesbayeva, P., Ibrayev, Sh. (2018). Turkic "Hikaya" genre and its characters. *Opción*, No. 85, pp. 87-106. (eng)
2. Chervaneva, V. (2016). Meet the demonological character: Two types of narrative structures. *Folklore: Electronic Journal of Folklore*, Vol. 65, pp. 57-68. <https://doi.org/10.7592/FEJF2016.65.chervaneva> (eng)
3. Bezertinov R.N. (2006). Ancient Turkic worldview: "Tengrianism": A textbook. Kazan: RIC "Shkola". – 164 p. (rus)
4. Tolstoy N. I. (1984). Ethnolinguistic dictionary of Slavic antiquities: A draft word list: Preliminary materials. Moscow. – 171 p. (rus)
5. Golovakha-Hicks I. (2008). The life of traditional demonological legends in contemporary urban Ukrainian communities. *Folklore: Electronic Journal of Folklore*, Vol. 40, pp. 37-44. <https://doi.org/10.7592/FEJF2008.40.golovakha> (eng)
6. Vinogradova L.N. (2000). Folk demonology and the mythological-ritual tradition of the Slavs. Moscow: Indrik. – 432 p. (rus)
7. Tolstaya S.M. (2000). Slavic mythological concepts of the soul // Slavic and Balkan folklore. Folk demonology. Moscow: Indrik. – pp. 52-95. (rus)
8. Levkivskaya E.E. (2000). Mythological characters in the Slavic tradition: I. The East Slavic domovoy // Slavic and Balkan folklore. Folk demonology. Moscow: Indrik. – pp. 96-161. (rus)
9. Onchukov N.E. (1909). Northern tales (Arkhangelsk and Olonets Governorates). Saint Petersburg: Tipografiya A.S. Suvorina. – 696 p. URL: https://rusneb.ru/catalog/000199_000009_003760859/ (accessed: 21.01.2026). (rus)
10. Agapkina T.A. (2000). Demons as characters of calendar mythology // Slavic and Balkan folklore. Folk demonology. Moscow: Indrik. – pp. 212-243. (rus)
11. Nadrshina F.A. (1998). Bashkir folk non-fairy-tale prose: Abstract of the dissertation for the degree of Doctor of Philological Sciences, specialty 10.01.09 - Folklore Studies. Ufa. – 48 p. (rus)
12. Pomerantseva E.V. (1975). Mythological characters in Russian folklore. Moscow: Nauka. – 168 p. (rus)
13. Gusarova T.V. (2019). Belief narratives [Electronic resource] // Open Text. URL: <https://opentextnn.ru/museum/ethnological-museum/folklor/gusarova-t-v-bylichki/> (accessed: 30.10.2019). (rus)
14. Dosmukhameduly Kh. (1991). Alaman (A raiding party). Compiled, with a foreword and notes by G. Anesov, A. Mektepov, and Sh. Kerimov. Almaty: Ana tili. – 176 p. (kaz)
15. Kaskabasov S.A. (2014). Selected works. Vol. 1. Kazakh folk prose. Studies. Almaty: Foliant. – 303 p. (kaz)
16. Ibrayev Sh.K., Akhmetbekova A.K., Auyesbayeva P.T. (2014) Hikayas of the Turkic Peoples. Almaty: IP "Sagautdinova", 415 p. (kaz)
17. Akatay S.N. (2011) Aruakh. In: Ancient Cults and Traditional Culture of the Kazakh People: Monograph. Almaty, pp. 206-216. (rus)
18. Çobanoğlu Ö. (2018) Kültürel semantik bağlamında Türk mitolojisinin Alkarısı ve Albastı fenomeni. In: The Legacy of S. Kondybai: A New Perspective on the Development of World Mythology: Proceedings of the International Scientific-Theoretical Conference (Aktau, 6-8 June 2018). Aktau: Ekojan, pp. 106-113. (turkish)
19. Ibrayev Sh., Bakhadyrova S., Rakhimov B. (2009) Folklore of the Turkic Peoples. Kokshetau, 432 p. (kaz)
20. Eleukenov Sh. (1987) Demonological Tales. In: From Folklore to the Epic Novel: Ideological-Aesthetic and Genre Originality of the Kazakh Novel: Monograph. Alma-Ata: Zhazushy, 352 p. (rus)

21. Aimukhambet Zh.A. (2018) Mythological Motifs of the Relationship between Humans and Fairy Beings (Based on World and Kazakh Myths). In: The Legacy of S. Kondybai: A New Perspective on the Development of World Mythology: Proceedings of the International Scientific-Theoretical Conference (Aktau, 6-8 June 2018). Aktau: Ekojan, pp. 129-134. (kaz)
22. Nurbayeva A.M., Zhetibay R.K., Ospanov Y.T., Naimanbayev A.A. (2025) Female Demonic Figures in Turkic Mythology: The Role and Symbolism of Zhalmauыз Kempir, Albasty, Zheztynakh, Myster Kempir, and Kuldyrgysh. *Turkic Studies Journal*, Vol. 7, No. 2, pp. 128-147. (kaz)
23. Orazhan N.N., Daribayev S., Orazova R. (2024) Zhalmauыз Kempir: A Distinctive Figure in Turkic Mythology. *Bulletin of Yassawi University*, No. 4 (134), pp. 233-245. (kaz)
24. Kishkenbayeva Zh.K., Ibrayeva E.E. (2020) Sacred and Demonological Character of Dragon and Snake Images in Turkic Folklore. *Bulletin of the Kazakh National Women's Pedagogical University*, No. 4 (84), pp. 310-314. (kaz)
25. Auyesbayeva P.T., Akhmetbekova A.K. (2016) Plots Related to Albasty in Turkic Folklore. In: International Symposium on "Culture Dialogue of the Silk Road Countries" (Erzurum, 5-6 May 2016). Erzurum, pp. 58-60. (rus)
26. Auyesbayeva P., Akhmetbekova A., Rakys Z. (2016) Character of Zhalmauыз in the Folklore of Turkic Peoples. *IJASOS – International E-Journal of Advances in Social Sciences*, Vol. 2, No. 5, pp. 384-387. <https://doi.org/10.18769/ijasos.77877> (eng)
27. Auyesbayeva P., Akhmetbekova A., Oralbek A. (2025) Textual Study of the Fairy Tale "Karamergen" from the Rare Editions Collection. *Keruen*, Vol. 88, No. 3, pp. 128-139. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2025.3-8> (eng)
28. Lurie M.L., Razumova I.A. (2002) Analysis of the Structure of Oral Demonological Narratives. *Living Antiquity*, No. 2 (34), pp. 10-12. URL: <https://inslav.ru/sites/default/files/zhs-2002-2.pdf> (accessed: 21.01.2026). (rus)
29. Grakhova S.I. (2014) Folk Demonological Narratives: The Principle of a Two-World Structure. *Philological Sciences. Issues of Theory and Practice*. Tambov: Gramota, No. 1 (31), Part II, pp. 64-67. URL: <https://www.gramota.net/materials/2/2014/1-2/16.html> (accessed: 21.01.2026). (rus)